



OPEN BUDGET FELLOWSHIP 2019

ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫБЫ:

Атырау облыстық балалар ауруханасындағы мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық қатерлері

САЛТАНАТ РАХИМОВА | Атырау облысы, Атырау қаласы, 2019 жыл

Бұл мақала Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен "Zertteu Research Institute" ҚҚ жүзеге асырған Open Budget Fellowship жобасының аясында жарияланды. Жарияланым мазмұны авторлардың жеке көзқарасын білдіреді, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| 1. Кіріспе | 2 |
| 2. Негізгі бөлім. Қазіргі жағдай | 4 |
| 3. Қаржыландыру. Мемлекеттік сатып алу шараларына талдау | 5 |
| 4. Қорытынды. Ұсыныстар | 16 |
| 5. Косымша | 17 |

1. КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі:

1. Ана мен бала өлімі өсіп отыр.

2019 жылы 1 жартыжылдықта Атырау облысында 133 бала қайтыс болған, оның 56 туған бойда, ал, 77 шақалақ ана құрсағында шетінеген^[1].

2. Қызылша ауруы өсіп кетті. 2019 жылдың басынан бері Атырау облысында 205 адам қызылшамен ауырған. Ауырғандардың 78 – 1 жасқа дейінгі бала, 64 – 14 жасқа дейінгі балалар. Инфекциялық ауруханада орын жетіспейді^[2].

3. Тек 2018 жылы медицина қызметкерлеріне қатысты 101 қылмыстық іс қозғалған.

Ал, бүгінгі күні Атырау облыстық перинаталдық орталығы бас дәрігеріне қатысты жаңа туған балаға қасақана дәрігерлік көмек көрсетпей өлтіргені үшін және сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық істер тергелуде^[3].

4. «Денсаулық» бағдарламасының индикаторлары орындалып жатқан жоқ.

2019 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысына сай денсаулық сақтаудың 7 индикаторына қол жеткізілмеген, 8 ай қорытындысына сай 5 индикаторға қол жеткізілмей отыр.

Ана мен бала өлімін төмендету, жатыр мойны обырымен ауыратындардың өмір ұзақтығы т.б. сияқты индикаторлар орындалмаған.

Республика бойынша Атырау облысы келесі көрсеткіштерден ең нашар нәтиже берген:

- учаскелік қызметке жүктеме мен дәрігерлермен (ВОП, терапевт, педиатр) қамтылуы;
- жоспарлы стационарлық емделу мерзімдерінің сақталуы;
- емдеу барысында тәулік бойы бақылауды қамтамасыз ету;
- алғаш анықталған омырау қатерлі ісінде таргетті терапияны және иммуногистохимиялық зерттеуді қолдану.

¹ <http://atpress.kz/8299-v-oblastnom-perinatalnom-tsentre-atyrau-umerlo-133-rebenka>;

² <https://24.kz/ru/news/social/item/294413-vspyshka-kori-v-atyrauskoj-oblasti-idet-na-ubyl>

³ <http://pricom.kz/obshhestvo/za-proshlyj-god-v-atyrauskoj-oblasti-bylo-zavedeno-101-delo-v-otnoshenii-meditsinskih-rabotnikov.html>

Қазіргі орындалмай отырған көрсеткіштері:

| № | Көрсеткіштер | 2019 жыл 7 ай факт, мың адамға шаққанда | 2019 жыл жоспар, мың адамға шаққанда |
|---|---|--|---|
| 1 | Аналар өлім-жітімі | 25,7 | 11,7 |
| 2 | Сәбилер өлім-жітімі | 10,5 | 8,7 |
| 3 | Жатыр мойны обырымен 5 және одан да көп жыл өмір сүретін онкологиялық науқастардың үлес салмағы | 59,1 | 61,4 |
| 4 | Бір жалпы практика дәрігерінің жүктемесі | 1976 | 1700 |

Дереккөз: [Прокуратура мақаласы](#)

<https://avesta-news.kz/v-atyrau-initsirovana-proverka-meduchrezhdenij-vrachi-podozrevayutsya-v-serti-novorozhdennogo/>

2. Қазіргі жағдай

Атырау облыстық балалар ауруханасындағы ауыр ахуал

Өте үлкен кредиторлық берешектер қалыптасқан.

Аурухананың «Invivo» лабораториясының алдында балаларды жолдамамен МРТ, КТ зерттеулеріне түсіргені үшін өтелмеген берешектері бар. Биылғы жылы аурухананың «Инвиво» лабораториясының алдындағы берешегі 956 000 теңгені құраса, №2 облыстық аурухананың алдында баклабораторияның қызметі үшін 4 650 000 теңге берешегі туындап отыр. Үстіміздегі жылы, жаз айларында лаборатория балаларды МРТ, КТ аппараттарына түсіру қызметін тоқтататыны туралы, №2 аурухана лабораториясы тарапынан бактериологиялық сынамалар жүргізуді тоқтатыны жөнінде мәселе көтеріліп, балалар ауруханасынан берешекті өтейтіні жөнінде кепіл хат алып, қызмет көрсетуді тоқтатпауына қол жеткізілді.

Бактериологиялық лабораторияның науқас балалардың сілекейін алып, инфекциялардың қандай препаратқа төзімсіздігін айқындайтын зерттеулер жүргізетінін ескерсек, егер бұл лаборатория қызмет көрсетуді тоқтататын болса, онда балаларды емдеу тек болжаммен ғана жүзеге асырылар еді.

Дәрі-дәрмек, құралдар тапшылығы

Балаларға операция жасау үшін қажет «атропин», «адреналин» т.б. маңызды дәрілерден тапшылық болса, интубациялық трубка аппараты биылғы жылы мүлдем ауруханаға жеткізілмеген.

Яғни, жалпы наркозбен жасалатын операция кезінде баланың аузынан өкпесіне оттегі (ауа) енгізетін интубациялық трубка жедел жасалатын операциялардың кезінде реаниматолог, анестезиолог дәрігерлердің сұратуымен әрең табылып жатыр (онда да манжетсіз трубка).

Ал, аденоид, камбустиологиялық операциялар, лор ауруларына, бүйрекке т.б. жоспарлы жасалатын операциялардың кейінге қалдырылуына соқтырып отыр.

Ал, бұл жоғарыда аталған Атырау облысының республика бойынша жоспарлы госпитализацияның (станционарлық емделудің) мерзімі сақталмай, индикатордың орындалмауына соқтырып отыр. Жедел жасалып жатқан операциялардың өзі де манжетсіз трубкамен жасалып, бұл операция кезінде оттегінің бірқалыпты берілмей, сатурация көрсеткішінің түсіп кете беруіне соқтырып, операциялардың сапасына әсер етуде.

Реаниматолог және анестезиолог дәрігерлер мәлімдемелер жазып бергенімен, аурухана басшылығы интубациялық трубканы жеткізудің немесе оны сатып алудың шараларын жасамай отырғанын, жедел операцияларға кіру қорқынышты екенін көрсетіп отыр.

Осы дәрілер мен интубациялық түтіктердің неге жоқ екендігі сұратылып депутаттық сауал жолданған соң, тек 17 қыркүйек күні дәрілер мен түтік жеткізілген.

Алайда, тек физраствор мен глюкоза сияқты қоспалар әкелініп, «инфезол», «реополиглюкин», «рефортин», «стабизол» сияқты құрамында электролитті қоспалары бар инфузиялық ерітінділер әкелінбеген. Сол сияқты, перитонит т.б. ішек ауруларына операция жасалып, уақытша тамақ ішуге болмайтын балаларға парэнтеральдық тамақ есебінде салынатын «аминовен», «аминоплазмаль» сияқты аса маңызды қоспалар бүгінгі күнге әлі жоқ болып отыр. Антибиотиктердің де түрлері толық емес.

Аурухана басшылығы жауап хатында бұл жағдай қаражат жеткіліксіздігінен болды деп түсіндірді.

3. Қаржыландыру. Мемлекеттік сатып алу шараларына талдау

Негізгі қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті осындай дәрі-дәрмек, құралдарды сатып алуға қаржы жеткіліксіздігі неден пайда болды?

Атырау облыстық балалар ауруханасы 2018 жылы мемлекеттік сатып алуларға 174 529 690 теңге жоспарлаған.

Нақты 145 579 476 теңгеге сатып алулар жүзеге асырылған.

Атырау облыстық балалар ауруханасы 2019 жылы мемлекеттік сатып алуларға 147 787 883 теңге жоспарлаған.

Нақты 129 718 728 теңгеге сатып алулар жүзеге асырылған.

Мемлекеттік сатып алуларды зерттеу келесі мән-жайларды көрсетті.

3.1. Мемлекеттік сатып алулардың басым бөлігі бір көзден сатып алынған – 2018 жылы 107 665 340 теңгеге бір көзден сатып алынып, ол барлық мемлекеттік сатып алудың 74 % құраған. Ал 2019 жылы 92 989 158 млн теңгеге бір көзден сатып алынып, ол барлық сатып алулардың 72 % құраған.

3.2. Кәсіпорын қажеттігі күмәнді түрлі қызметтерді көптеп сатып алған.

3.2.1. Аурухана штатта еңбекақы алатын архивариус маманы бола тұра, 17.09.2018 ж. келісім-шартпен «Асыл» ЖК-нен 3 000 000 теңгеге архив қызметін сатып алады (құжаттардың құндылығын анықтау, түптеу, тігу т.б.).

Архивті ретке келтіру қызметі штаттағы архивариус маманының өзіне неге жүктелмеген немесе оған жалақысына қосымша үстемақы төлей отырып, қосымша неге жүктелмеген деген негізді сұрақ туындайды?!

3.2.2. Аурухана 2018 жылы наурыз айында «М-Системс Групп» ЖШС-мен 2 700 000 теңгеге ақпараттық жүйеге техникалық қолдау көрсетуге келісім-шарт жасаған.

Бұдан басқа, аурухана тағы да 2019 жылы сәуір айында «Q-Promo» ЖШС-мен барлық сомасы 3 616 000 теңгеге бейнероликтер түсіру, ақпараттық жүйеге техникалық қызмет көрсету, аурухана қызметін ақпараттық насихаттау туралы 3 келісім-шарт жасаған.

Бірақ, олар бойынша ақша сомасы 1 209 000 теңге көлемінде аударылып, қаражат болмауына байланысты келісім-шарттар бұзылады.

Алайда, осы аурухана қызметін насихаттау үшін, ақпараттық жүйеге қолдау көрсету үшін деп 2018 жылы аударылған 2 700 000 теңге, 2019 жылы аударылған 1 209 000 теңге қаражатқа аурухана жұмысын насихаттау қандай деңгейде жүргізілді деп аурухана сайтына және фейсбук парақшасына жүргізілген мониторинг ешбір насихаттау жұмыстарының жүргізілмегенін көрсетті. Аурухананың фейсбук парақшасында да арнайы дайындалған репортаждар немесе аурухана жұмысын, дәрігерлердің еңбегін насихаттайтын ақпараттық материалдар жоқ екені анықталды.

Аурухана сайтында мүлдем 2017, 2018 жылғы материалдар жарияланған күйінде тұр. Ақпаратты растайтын скриншоттар 1 қосымшада.

Қызметкерлердің контактілері де кемінде соңғы 1,5 жылдан бері жаңғыртылмаған, көбі жұмыстан шығып кеткен дәрігерлер көрсетілген.

Ендеше, былтырғы 2 700 000 теңге, биылғы 1 209 000 теңге қаражат заңсыз төленген деуге толық негіз бар.

Бұған қоса, аурухананың өзінің штаттық баспасөз хатшысы (пресс-секретарі) бар екенін айта кету керек. Баспасөз хатшысы бар мемлекеттік кәсіпорын осы жұмыстарды неге бірнеше миллиондаған мемлекет қаражатын шығарып сатып алған, баспасөз хатшысы сонда немен айналысқан деген заңды сұрақ туындайды?!

3.2.3. Былтырғы жылы аурухананың кір жуушы қызметкерлері қысқартылып, кір жуу қызметі 15.06.2018 ж. келісім-шартпен «Caspian Cleaning Company» ЖШС-не аутсорсинге беріледі. Алайда, қыркүйек айында аталған компаниямен 2 000 000 теңгеге жасалған келісім-шарт бұзылып, 3 ай мерзімге 920 000 теңге аударылып, жұмыс тоқтатылады, аурухананың кір жуу бөлімі бірқатар қиындықтармен қайтадан ашылады.

Сол уақытта штатта болған қаржы директоры, даму менеджері сияқты мамандардың бұндай тиімсіз жобаны не үшін жүзеге асырған деген сұрақ туындайды.

3.2.4. Аурухананың ауласын көгалдандыру үшін 05.06.2019 ж. (маусымда) «Эльман» ЖШС-мен 1 252 000 теңгеге келісім-шарт жасалады, ақша 19.06.2019ж. аударылған. Алайда, жұмысшылар аулаға ағаш егу жұмыстары жүргізілмегенін айтып отыр. Оның үстіне маусым айының ортасы болғанда көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге кеш болатыны түсінікті ғой.

Осы кәсіпкермен тура сол күні 05.06.2019 ж. кондиционерлерге жөндеу және сервистік қызмет көрсету үшін тағы да 1 200 000 теңгеге келісім-шарт жасасқан.

«Эльман» ЖК салық органынан кәсіпкер ретінде 19.05.2019 ж. *(онымен бір көзден сатып алу туралы келісім-шарт жасамастан 20 күн бұрын тіркелген)*.

3.2.5. Тура осы күні, 05.06.2019ж. аурухана «З.Жанабаева» ЖК-мен пион көшеттерін сатып алуға 258 000 теңгеге келісімге отырады, 13.06.2019ж. ақша аударылады, алайда, аурухананың ауласына бір де бір түп пион егілмеген (фотосуреттер бар).

Біздің тексеру және мәслихат сессиясындағы баяндамамыздан кейін облыстық «Ақ Жайық» газетіне мақала жарияланды^[4].

3.2.6. Аурухана 2018-2019 жылдары бухгалтерлік, салық есептілігі, жалақы есептеу тәртібі бойынша түрлі консультацияларды көптеп қайталап сатып ала берген. Бухгалтерлік консультацияларды сатып алу сомасы 3 720 000 теңгені құрады. Аудиттік қызмет сатып алу 1 480 000 теңгені құраған.

Аурухана штатында 4 бухгалтер бола тұра, бухгалтерлік есеп, салықтарды есептеу, касса, банк операцияларын жүргізу бойынша консультациялар алу үшін келесі күні, 29.05.2018 ж. «Альянс Консалтинг Групп» ЖШС-мен 1 139 000 теңгеге келісім-шарт жасаған.

3.2.6. Бұдан басқа, инвентаризация жүргізуге, есептілікті жүргізуге консультация және 2017 жылдың қаржы қызметіне аудит жүргізу үшін «Аудит-Мечта» ЖШС-мен 11.05.2018 ж. 941 000 теңгеге келісім-шарт жасаған.

Алайда, консультациялар берген «Альянс Консалтинг Групп» ЖШС мен аудит жүргізген «Аудит-Мечта» ЖШС басшылары бір адам – Капарова Аягөз Садыковна.

Кеңес беру қызметі мен аудиттік тексеруді аффилиирленген субъектілер жүргізуі аудит жүргізу заңдылығына қайшы келеді.

⁴ <https://azh.kz/ru/news/view/62332>

ҚР-ның «Аудиторлық қызмет туралы» Заңының 24 бабымен аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізу құқығы шектелген.

Яғни, аудиторлық ұйымдардың:

- осы Заңның 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген өзінің қызмет бейіні бойынша соңғы үш жылда қызметтер көрсеткен ұйымдарға;
- аудиттелетін субъектіде жеке мүліктік мүдделері бар орындаушылардың;
- аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, егер оның аудиттелетін субъектінің алдында немесе аудиттелетін субъектінің оның алдында ақшалай міндеттемелері бар болса;
- жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының пайда болуына әкелетін немесе осындай қақтығыстың пайда болу қатерін туғызатын жағдайларда, аудит, салықтар бойынша аудит, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит, өзге ақпарат аудитін жүргізуіне тыйым салынады.

3.2.8. Бұдан басқа, 29.05.2018 жылы кіріс-шығыс, негізгі қорларды есепке алу үшін бухгалтерлік консультациялық қызмет сатып алуға «КазФинОценка» ЖШС-мен 920 000 теңгеге № 151 келісім-шарт жасаған. Осы келісім –шарт бойынша счет фактура мен көрсетілген қызмет туралы акт тура сол күні (29.05.2018 ж. қойылған), ақша тура сол күні аударылған.


Алайда, бұл компанияның экономикалық қызметі - «Өнеркәсіптік мақсаттағы жылжымайтын мүлікті сату және жалға беру бойынша делдал болу» екені анықталды^[5].

Сонымен қатар, осы компанияның Қостанай облысы территориясында бағалау қызметімен айналысатыны және компания атынан мүлікті бағалау қызметін жоғарыдағы «Альянс Консалтинг Групп» ЖШС-нің және «Аудит-Мечта» компаниясының директоры, аудитор Капарова Аягоз Садыковна атқара алатындығы көрсетілген.

The screenshot shows a web browser window with the URL pandia.ru/text/80/176/143.php. The page title is "Список юридических лиц осуществляющих оценку на территории Костанайской области". The author is "Анайт Пруница". There are several advertisements on the page, including one for "Выиграй годовой запас еды" and another for "SAMSUNG Galaxy Note10 | 10+ Buds".

| № | Наименование организации; | Фамилия, имя, отчество (при наличии) первого руководителя | Информация, предназначенная для установления контакта (юридический и фактический адрес) | Данные лицензии: регистрационный номер, дата выдачи, вид деятельности, номер бланка лицензии, | Список оценщиков – Физических лиц, которые имеют право осуществлять деятельность по оценке имущества от имени |
|---|---------------------------|---|---|---|---|
| | | | | | |

⁵ <https://pandia.ru/text/80/176/143.php>



Жалпы осы бухгалтерлік кеңес қызметін көптеп әр түрлі компаниялардан сатып ала беру келесі сұрақтарды туындатты: 1) аурухананың штаттағы бухгалтерлері өз қызметін білмейтін біліксіз мамандар болғаны ма, қосымша бухгалтерлік кеңес сатудың қандай қажеттілігі болды? 2) егер кәсіпорынның штаттағы бухгалтерлері өз жұмысын білмей, салық органдары немесе фискалды органдар тарапынан сындар айтылған болса, неге жұмыстан босатып, орындарына білікті мамандар алмаған?

Бір таң қалдырғаны, «Альянс Консалтинг Групп» ЖШС бухгалтерлік есеп, салықтарды есептеу, қасалық, банкілік операцияларды жүргізу бойынша консультациялар беру туралы [29.05.2018 ж. 1 139 00 теңгеге жасалған № 152 келісім-шарт бойынша жұмыстың орындалғаны жөніндегі акт пен счет-фактураны тура сол 29.05.2018 ж. қойған. Бір күннің ішінде!](#)

Атырау облысының №1, №4 емханаларына да тура осы тектес бухгалтерлік консультация беру қызметін көрсеткен осы компания оларға да счет-фактураларын 1 күннің ішінде қойып отырған.

Ал, №4, №1 емханаларға тауар-материалды құндылықтарды инвентаризациялау, есептілікті жүргізуге консультация беру үшін жасалған келісім-шарттар бойынша «Аудит-Мечта» компаниясы да жасалған жұмыс жөніндегі акті мен счет-фактураны 1 күннің ішінде қойып отырған.

Осы аудит жүргізген компания мен кеңес берген компаниялардың директорлары бір адам, аффилирленген компаниялар екенін, әрі счет-фактуралардың келісім шарт жасалғаннан кейін бір күннің ішінде қойылғаны ескерсек, бұл қызметтердің жасалғанының өзі негізді күм ән тудырады.

3.2.9. Бұдан басқа, 2018 жылдың желтоқсанында «Kazko Style» ЖШС-нен барлығы 720 000 теңгеге тағы да бухгалтерлік, салық консультацияларын сатып алуға № 298, 310 санды келісім-шарттар жасалған.

Бір қызығы, бұл компания салық органында «Кең ассортиментте тауарларды сату» деген экономикалық қызмет кодымен тіркелген екен^[6].

Сондықтан, осы профілі с әйкес келмейтін компаниялармен бухгалтерлік қызметтердің көрсетілгені күм ән тудырады.

⁶ https://pk.uchet.kz/c/bin/121240017117/full/; businessmap.kz/ru/branch/TOO_KAZKO_STYLE_2972

3.2.10. Бұдан басқа, кредиторлық берешектерге аудит жүргізуге «Элит Аудит» ЖШС-мен 07.12.2018 ж. 240 000 теңгеге № 309 келісім-шарт жасасады (аудит қорытындысы сайтында жарияланбаған, сұратуға берілген жоқ).

Сол сияқты, осы компаниямен 21.12.2018 ж. 240 000 теңгеге тағы да келісім-шарт жасап, 2018 жылдың қорытындысымен еңбекақы есептеу дұрыстығына аудит жүргізу қызметін сатып алады (аудит қорытындысы сұрату бойынша берілген жоқ және аурухана сайтында жарияланбаған).

3.2.11. Аурухана «Элит Аудит» ЖШС-мен қаржылық қызметке аудит жүргізу үшін 08.05.2019 ж. тағы да 1 000 000 теңгеге № 103 келісім-шарт жасасады.

Осы келісім-шарт негізінде «Элит-аудит» ЖШС-мен жасалған аудит қорытындысын зерттеу кезінде анықталғаны: аудит толық жүргізілмеген, барлық кредиторлық берешектер көрсетілмеген, тексерілуші кәсіпорын басшылығының өз сөзінен сотта жауапкер немесе жауапкер еместігі және 2018 жыл ішінде қаржылық-шаруашылық қызметіне байланысты істер қаралмағаны жөнінде көрсетілген.

Алайда, ҚР Жоғарғы Сотының сайтына мониторинг жүргізу 2018 жылы Атырау облыстық балалар ауруханасының 6 азаматтық іс бойынша талапкер, 1 азаматтық іс бойынша жауапкер болып танылғанын көрсетті.

Атап айтқанда:

Ауруханамен мемлекеттік сатып алу процесінің 5 қатысушысын жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арыздар беріліп, сот барлығы бойынша да талапты қанағаттандырудан бас тартқан.

Аурухананың Атырау облыстық қаржы басқармасын «Негізгі қышқылды жағдайларды қарау анализаторын» есептен шығаруды міндеттеу туралы сотқа берілген талап арызы Атырау облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 03.07.2018 ж. шешімімен қанағаттандырылмай қалдырылған (азаматтық іс номері 2301-18-00-2/1383).

Бұдан басқа, Атырау облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 20.09.2018 ж. шешімімен «DYNAMIC GROUP» ЖШС-нің ауруханадан 712 740 теңге ақша сомасын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылып, 712 740 теңге берешек және 21 382 теңге мемлекеттік баж алымы өндірілген.

Ал, аудитор осы ашық сайтта тұрған мәліметтерге қарау жүргізбей, тексерілуші субъектінің сөзін негізге алып, аудиторлық есепте аурухана сотта жауапкер немесе талапкер болып қатыспаған деп негізсіз көрсеткен.

Сол сияқты, кредиторлық берешек сомасы да дұрыс көрсетілмеген. Атырау облыстық қаржы басқармасының мәліметімен сәйкес келмейді.

«Аудиторлық қызмет туралы» ҚР Заңының 1 бабының 10-2 тармағына сай дұрыс емес аудиторлық есеп – ҚР аудиторлық қызмет туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, қаржылық есептілік туралы және аудит стандарттарында көзделген ақпарат туралы дұрыс емес және (немесе) толық емес мәліметтерді қамтитын, пайдаланушыларды шатастыратын аудиторлық есеп.

Бұдан басқа, осы компанияның атынан аудитті жүргізген аудитор Макашова Асем Жанабековна – жоғарыда бухгалтерлік кеңес беру қызметін көрсеткен «Kazko Style» ЖШС директоры.

12. 2019 жылы мамыр айында Атырау облыстық ауруханасының бухгалтериясы «КазФинАутсорс» ЖШС-не аутсорсинге берілген.

22.05.2019 ж. осы №139 келісім шарт бойынша көзделген 8 400 000 теңгені қызмет көрсететін 7 айға бөлсек, айына 1 200 000 теңгеден келеді.

Аутсорсингтің негізгі мақсаты – кәсіпорынның қаржылық ұйымдастырылуын оңтайландыру, қызметтен босатылған жұмысшылардың еңбекақысы есебінен қаражат үнемдеу екенін ескерсек, осы емханада бұрын қызмет еткен 4 бухгалтердің еңбекақы қоры ай сайын 1 200 000 теңгені құрамайтыны сөзсіз, тіптен, бұрынғы бухгалтердің көрсетуіне сәйкес, 500 000 теңгеден аспайтын еді. Керісінше, аутсорсингке беру – кәсіпорын шығынын 2 еседен астам арттырып жіберген.


Оған қоса, осы компанияға берілгеннен кейін, 2019 жылдың мамыр айынан бастап аурухана қызметкерлерінің зейнетақы жарналары аударылмай қалып, кәсіпорын басшысы олардың өтінішіне құлақ аспаған соң, жұмысшылар тамыз айының аяғында «Атырау Адалдық алаңы» жобалық кеңсесіне шағымдануға мәжбүр болады.

Атырау «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі, Атырау облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша арнайы мониторинг тобы мүшелерінің қатысуымен ауруханада дәрігерлермен, медқызметкерлермен кездесу өткізіледі. Осы арыз түскеннен кейін бірден қызметкерлердің бірнеше айдан бері жиналған зейнетақы жарналары аударылған.


Бір қызығы, осы «КазФинАутсорс» ЖШС тек қана үстіміздегі жылы 29 сәуірде құрылып тіркеуден өткен екен. Оның тіркеуден өткеніне 1 ай болмай жатып, 05 маусым 2019 жылы балалар ауруханасы онымен бір көзден 8 400 000 теңгеге бухгалтерияны аутсорсингке беру туралы келісім-шарт жасасады. Осы сатып алулардың бәрі бір көзден алынған.

Тіркеуден өткеніне 1 ай болмаған осы компаниямен Атырау облысының көптеген медициналық мекемелерінің аутсорсинг, консультациялық қызметтерді бір көзден сатып алу жолымен миллиондаған сомаларға келісім-шарттар жасауы – құзырлы органдардың тексеруін талап етеді.


Тағы бір қызық жайт – ол осы аурухана бухгалтериясын аутсорсингке алып отырған «КазФинАутсорс» компаниясының директоры Айсулу Алпыспаеваның аурухананың 2018 жылдың қорытындысы бойынша қаржылық қызметіне аудит жүргізген «Элит Аудит» ЖШС-ның сайтында контактное лицо ретінде көрсетіліп тұрғаны^[7].



⁷ <https://elitaudit.satu.kz/elitaudit.satu.kz/contacts>



Осы орайда Байқау Кеңесі осы шешімдерді қабылдауға қатысты ма деген сұрақ туындайды. ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 23 шілде №480 бұйрығына сәйкес «Атырау облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК байқау кеңесі 7 адам құрамында құрылған^[8].



ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 149 бабының талабы бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;
- 2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы

⁸ <http://aodb.kz/ru/baj-au-ke-esi/>

мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) ұсыныстарын келіседі;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған өкілеттіктерден басқа денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

3) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;


4) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

Алайда, аурухананың байқау кеңесінің осы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің бағыттарын айқындауда, аудит тағайындап және аудиторға ақы төлеу мөлшерін белгілеуде, өте үлкен мөлшердегі кредиторлық берешектердің себептерін анықтап, оны өтеудің шараларын алу т.б. маңызды мәселелерді шешуде мүлдем ролі болмаған.


Сол сияқты, Ережесіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру міндеті жүктелген Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы да өз міндеттерін тиісті дәрежеде атқармаған.

Атап айтқанда, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыруды қамтамасыз ету, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіндегі тұрақтылықты және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне арналған бюджет қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз ету, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды қабылдау, бюджеттен қаржыландырылатын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметтерінің басым бағыттарын және міндетті жұмыстар (қызметтер) көлемін айқындау міндеттері жүктелген.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау басқармасы басқарма туралы Ережедегі тиісті саладағы коммуналдық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру міндетін тиісті деңгейде атқармаған.



Тағы бір назар аударуға тұрарлық жайт – ол «Элит аудит» компаниясының атынан аудит жүргізген аудитор Макашова Асем Жанабековнаның осы «КазФинАутсорс» ЖШС бухгалтері болып істейтіні және оның ҚР Қаржы Министрлігінің Қаржылық есеп депозитарийінде Атырау облыстық балалар аурухана-сының бухгалтері ретінде көрсетіліп тұрғаны.



Аурухана мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру қызметін де 05.06.2019 ж. келісім-шартпен "A&B Outsourcing company" ЖШС-не 6 312 500 теңгеге аутсорсинге беріп жіберген. Бұл компания да осы шартты жасамастан бұрын 20 күн бұрын (15.05.2019ж.) тіркелген заңды тұлға болып шықты.

Бұл соманы келісім-шарттың әрекет ететін уақытына бөлсек, айына 970 000 теңгеден келеді екен. Ал, бұрын осы жұмысты штаттағы, айына 90-100 мың теңге еңбекақы алатын 1 маман атқарып отырған. Аутсорсингге беру арқылы бюджет қаражаты үнемделген жоқ, керісінше, шығындары 9-10 есеге өсіп кетті.

Сонымен қатар, бұл туралы сұраныс жіберіліп, маслихат сессиясында тыңдалғаннан кейін, қыркүйек айында келісім-шарт бұзылды. Алайда, сол келісім-шарт бұзылғанға дейін 14.06.2019 ж. – 27.09.2019 ж. аралығына 3 366 670 теңге төленеді (қызмет еткен уақытқа бөлгенде артық).

Пәтер жалдау барысында жол берілген заң бұзушылықтар.


Аурухана қызметкерлеріне пәтер жалдау қызметі мемлекеттік сатып алудан тыс бір көзден тікелей сатып алынған. Пәтер жалдау қызметі бойынша хабарламалар мемлекеттік сатып алу порталына шығарылмаған, бәсекелес ортаға берілмей, кәсіпорын басшысының жеке өз шешімімен қабылданған. Пәтер жалдау бағалары өте қымбат – 175 000, 160 000 теңгеге дейін.


Оларды тіптен жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген субъектіден жалдау фактілері орын алған. Мысалы, «Жансая ЛТД» ЖШС-мен пәтер жалдау кезінде, ол ЖШС әлі тіркелмегені белгілі болды.

Аурухананың бас есепші, қаржы директоры сияқты қызметкерлеріне осындай қымбат бағаларға пәтер жалдаған.

Заңгерге айына 160 000 теңгеге аурухана есебінен пәтер жалдануда, ҚБ инженеріне де 120 000 теңгеден пәтер жалдануда. Бұл мамандар Атырауда тапшы емес, неге басқа облыстардан осындай профильді емес мамандарды шақыртып, оларға пәтер жалдап беріп отырғаны қаржылық тексеруді қажет етеді.

Атырау қаласынан айына 70 000 - 80 000 теңгеге пәтер жалдауға аурухананың толық мүмкіндігі болды. Облыстық «Ақ Жайық» газетінен пәтер жалданатыны туралы жеке хабарландырулар.





Мемлекеттік сатып алу барысында жол берілген жоғарыда көрсетілген заңсыздықтар мен сыбайлас жемқорлық қатарлары бүгінгі күні мемлекеттік кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлап, аурухананың дәрігерлік қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеліп соғып отыр.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 4 бабына сай денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат:

1. азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық көмек алу құқықтарының теңдігін қамтамасыз ету;
2. мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі;
3. медициналық көмектің қолжетімділігі;
4. медициналық көмектің сапасын ұдайы арттыруға негізделеді.

Жоғарыда көрсетілгендер негізінде,

4. Қорытынды, ұсыныстар

1. Мониторинг барысында жинақталған материалдарды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюроға тексеру жүргізу үшін жолдау.
2. ҚР Денсаулық Сақтау Министріне - Атырау облыстық балалар ауруханасында орын алып отырған сыбайлас жемқорлық қатерлеріне назарын аудартып, денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік кәсіпорындарындағы қаржы жұмсалудың ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық қызметіне тұрақты мониторинг жүргізіп отыру, мемлекет қаражатының тиімді және мақсатты жұмсалудына Байқау Кеңестерінің және денсаулық сақтау басқармаларының жауапкершілігін арттыру.
3. ҚР Қаржы Министрлігіне - «Атырау облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қаржылық қызметіне аудит жүргізу кезінде аудит жүргізу заңнамаларын бұзған аудиторлық компаниялар мен аудиторларды жауапкершілікке тартуды.
4. Мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық қызметіне аудит жүргізуді осы саладағы құзіретті мемлекеттік органдарға беру.

5.Қосымша

← → ↻ Не защищено aodb.kz/ru/go-bmp/

Қаз Рус Eng Социальные сети: Версия для слабовидящих

КГП НА ПХВ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ДЕТСКАЯ БОЛЬНИЦА» УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
08.09.2019 15:19

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

ГОБМП

ГОБМП на оказания стационарную помощь на 2017 год

| № | Наименование отделение | Койки | Объем ГОБМП | |
|---|-----------------------------------|-------|-------------|-----------------|
| | | | услуг | Сумма (тыс. тг) |
| 1 | Отделение патологии новорожденных | 15 | 450 | 79 992,1 |
| 2 | Неврологическое отделение: | 25 | 740 | 131 354,9 |
| | —неврологическое | 10 | 300 | 30 829,1 |

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

Управление здравоохранения

← → ↻ Не защищено aodb.kz/kz/go-bmp/

Қаз Рус Eng Әлеуметтік желілер: Нашар көрсеткілерге арналған нұсқа

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ «АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ ҚМК
08.09.2019 15:20

Басты Мандат Мекеме құрылымы Жаңалықтар Пациент үшін Қызмет көрсету Мемлекеттік сатып алулар

ТМККБ көлемі

2017 ж арналған стационарлық ТМККБ көмек

| № | Бөлімше атауы | Керует | ТМККБ көлемі | |
|---|--------------------------------|--------|--------------|------------------|
| | | | қызмет | сомасы (мың. тг) |
| 1 | Жаңа туылған нәрестелер бөлімі | 15 | 450 | 79 992,1 |
| 2 | Неврология: | 25 | 740 | 131 354,9 |
| | —неврология | 10 | 300 | 30 829,1 |

ҚР мемлекеттік рәміздері

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары

Атырау облысы

Не защищено aodb.kz/kz/category/tayavki/

Қаз Рус Енг Элеуметтік желілер: f o Нашар көретіндерге арналған нұсқа

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
«АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ КМК
08.09.2019 15:21

Басты Мандат Мекеме құрылымы Жаңалықтар Пациент үшін Қызмет көрсету Мемлекеттік сатып алулар

Өтінім

Объявление о закупке способом запроса ценовых предложений по приобретению медицинской изделий от 12.07.2019
15.07.2019 15:03 [Толығырақ ...](#)

Объявление на запрос ценовых предложений по электродным системам MCScar для 21 канального ЭЭГ Нейрон-Спектр 4
05.06.2019 11:03 [Толығырақ ...](#)

ҚР мемлекеттік рәміздері

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары

Не защищено aodb.kz/kz/d-ri-d-rmekpen-antamasyz-etu/

Қаз Рус Енг Элеуметтік желілер: f o Нашар көретіндерге арналған нұсқа

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
«АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ КМК
08.09.2019 15:21

Басты Мандат Мекеме құрылымы Жаңалықтар Пациент үшін Қызмет көрсету Мемлекеттік сатып алулар

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

[Скачать: Лекарственный формуляр на 2017 год](#)

Всего комментариев: 0

ҚР мемлекеттік рәміздері

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары

Атырауская областная детская | Лекарственная обеспечение | +

Не защищено aodb.kz/ru/d-ri-d-rmekpen-antamasyz-etu/

Қаз Рус Енг Социальные сети: f o Вебсiv лдв слабовидящих

КГП НА ГХВ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ
ДЕТСКАЯ БОЛЬНИЦА»
УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
08.09.2019 15:22

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

Лекарственная обеспечение

[Скачать: Лекарственный формуляр на 2017 год](#)

Всего комментариев: 0

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

Не защищено aodb.kz/ru/platnye-uslugi/

Қаз Рус Енг Социальные сети: f o Версия для слабовидящих Найти

КГП НА ПХВ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ДЕТСКАЯ БОЛЬНИЦА»
УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
 08.09.2019 15:20

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

Платные услуги

Перечень услуг, оказываемых на платной основе
 КГП на ПХВ «Атырауская областная детская больница» на 2018 год
[Скачать: Типовое положение об оказании платных услуг КГП на ПХВ -Атырауская областная детская больница:](#)

| № | Наименование услуг год | | |
|-------------------------------|------------------------|-----------------|----------------|
| П/П | Медицинские | Стоимость услуг | Примечание |
| Консультативный прием врачей: | | | |
| 1 | Педиатр | 1210 | одна процедура |
| 2 | Кардиолог | 1295 | одна процедура |

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

Не защищено aodb.kz/kz/platnye-uslugi/

Қаз Рус Енг Әлеуметтік желілер: f o Нысанды қарастырыңыз: атырау.кз/ағылшынша/ Табу... Найти

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ
«АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ КМК
 08.09.2019 15:20

Басты Мандат Мекеме құрылымы Жаңалықтар Пациент үшін Қызмет көрсету Мемлекеттік сатып алулар

Ақылы қызметтер

Извините, но эта статья доступна только на [орыс. Тілi](#)

Всего комментариев: 0

Договоры с Исмагалиевой ...

ҚР мемлекеттік рәміздері

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары

Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/

Қаз Рус Енг Социальные сети: f o Версия для слабовидящих Найти

КГП НА ПХВ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ДЕТСКАЯ БОЛЬНИЦА»
УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
 08.09.2019 15:22

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

Вопрос ответ

Назгуль 20.06.2017 11:23
 Не могу дозвониться. Ергазиева вышла в отпуск с 19Июня. Подскажите кто из кардиологов осматривает с 14:00-16:00 Жаксылыкова? А детей осматривает?

Әкімшілік 10.07.2017 14:10
 пн, ср, чт, пт с 14.00-16.00 по талону, детский Врач-кардиолог Асылбине Жаксылыкова

Мамаша 26.06.2017 08:10
 Ортопед нешеден қарайды, талонмен бе ?

Әкімшілік 10.07.2017 14:08
 Кешіріңіз, техникалық ақауға байланысты дер кезінде жауап бере алмадық, күн сайын 9-17.00 ге дейін талон арқылы қабылдайды, түсік үзіліс 13.00-14.00

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

← → ↻ Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ 📄 ⌵

лаззат 16.07.2017 13:39
Салеметсіздерме окулистр қай уақытта қарайды екен

Әкімшілік 20.07.2017 09:41
Окулистр бізде жоқ

лаззат 16.07.2017 13:42
ГУЛНУР БОЛАТОВНА ПРИЕМ КАБЫЛДАЙМА

Әкімшілік 20.07.2017 09:39
Салеметсіз бе! Гулнур Болатқызы жұмыстан шығып кетті

Асия 17.07.2017 10:33
невропатолог нешеден қарайды? Талонмен ба?
Асия 17.07.2017 10:37
Цитирую Асия:
невропатолог нешеден қарайды? Талонмен ба?
Кольмызда направление бар?

Әкімшілік 20.07.2017 09:40
Иә, 9.00-17.00 күнде талон арқылы

Мадина 24.07.2017 19:05
Салеметсізбе! Аллерголог Нургүл Шайденовна алайға қалай қарала аламыз? Қашан қабылдайды? Талон керек па?

КАЧЕСТВЕННОЕ МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ. КАЧЕСТВЕННАЯ ЖИЗНЬ. КАЗАХСТАНДЕР!

8 778 007 20 21

www.styuba-dent.ru.kz

КОНТАКТНЫЕ НОМЕРА:

95-04-25 - Администрация больницы;
95-04-21 - Реанимация;
95-04-23, 76-36-44 - Приемный покой;
95-04-30 - Регистратура, CALL-центр;
8-702-857-88-07 - Служба поддержки пациентов и внутреннего аудита;
76-34-31, 76-34-32 - КДО;
8-702-386-53-23 - Зав. КДО.

← → ↻ Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ 📄 ⌵

Салеметсізбе! Аллерголог Нургүл Шайденовна алайға қалай қарала аламыз? Қашан қабылдайды? Талон керек па?

Әкімшілік 24.07.2017 19:28
Салеметсіз бе! Аталған дәрігер еңбек демалысында шығып кетті. Тамыз айының соңына қарай шығады. Қосымша басқа аллергия керек болса 28-38-47 хабарласыңыз. Сау болыңыз!

Лаура 31.07.2017 02:26
Саламатсыз ба Сурдолог отпусқадан келдин екен және қай күндери қабылдайды направлениемен барсақ

Әкімшілік 31.07.2017 08:34
Салеметсіз бе! Сурдолог маман әлі еңбек демалысында. Қосымша ақпаратты сайттың «пациент үшін» - жұмыс кестесінен және 28-38-47 телефонынан білуге болады.

Жұлдыз 03.08.2017 18:33
КТ нешеде қарайды? Талонмен ба?

Әкімшілік 04.08.2017 17:37
Цитирую Жұлдыз.

Салеметсіз бе!КТ сағат 9:00-17:00 дейін жасайды.талонсыз!
Ескерту,7.8.08.17 техникалық ақауға байланысты болмайды.

Айман 21.08.2017 15:54
Салематсыз ба? 28-38-47 вообще алмайды ғой? Маған детский ЛОР керек еді қай уақыттан қарай по записи па?

Назерке 29.08.2017 19:02
Саламатсызба травматолог нешеге дейін қарайт талонменба 31 тамыз истейма

Абджали
Абдыбек Жубанышев
БЛОГ РУКОВОДИТЕЛЯ
Оставить заявку

Новостной блок

(далее...) ...
[Подробнее...](#)

19.04.2019

Топ 5 үздік директор жобасы іске қосылды

(далее...) ...
[Подробнее...](#)

← → ↻ Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ 📄 ⌵

Асель 22.04.2018 20:07
Сурдолог қай күндери қарайды? Аудиометрияға направлениесіз ақылы түрде түсіре ма? Сурдолоғқа, 25.04 күнге, невропатолоғқа 26.04 күнге онлайн записи жазасызба? Осым ортопедтин жұмыс кестесі керек еді?

Администрация 23.04.2018 10:16
[quote name="Асель"] Салеметсізбе! Сурдолог маманы Дүйсенбі,Сарсен бiЖұма күндері 9:00 ден 12:00 аралығында қабылдау жүргізеді. Ортопед маманы аптаның 5 күнінде де сағат 10:00 ден 16:00 аралығында қабылдау жүргізеді. Жазыл у үшін өзіңнің емханаңыз арқылы тіркелісіз!

Гаухар 24.04.2018 13:04
Менің сұрағымға неге жауап жоқ?20.04.2018 күні жазылған.

Әкімшілік 24.04.2018 14:20
Салеметсіз бе, Гаухар ханым! Сіздің сұрағыңызды кешіктіргеніміз үшін кешірім сұраймыз, себебі, Сіз сұраныс жасаған маманың брей болуына байланысты (іс-сапар)алдағы қабылдау кестесі шығарылмай отыр. 1-2 күнінен соң мына телефондарға хабарласып біліп, жазылыңыз. 76-36-31 және 76-3632

Амангүл Нурмағанбетов 26.04.2018 20:42
Добрый день! Ребенок инвалид с детства есть направление на уши сердца и кардиологу по показаниям педиатра сильный шум в сердце.Запись полная до середины мая. По закону РК Статья 14. Права инвалидов: 8) первоочередное обслуживание в государственных и иных организациях, в том числе в организациях здравоохранения, культуры, связи, транспорта, сфере услуг;
Ваши требования об предварительной записи на прием противоречат закону не так ли ?!

Гаухар 28.04.2018 10:48
Салеметсіздер ме?Аллергологқа ақша төлеп қарала аламын ба?Тіркелген жоқпын.

← → C Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ [X] [E] [I]

Асель 22.04.2018 20:07
Сурдолог қай күндері қарайды? Аудиометрияға намерлениесі ақылы түрде түсіре ма? Сурдологқа, 25.04 күнге, невропатологқа 26.04 күнге онлайн запись жазасызба?
Сосын ортопедтин жұмыс кестесі керек еді?

Администрация 23.04.2018 10:16
[quote патте]-Асель-] Сәлеметсізбе! Сурдолог маманы Дүйсенбі,Сәрсен б,Жұма күндері 9:00 ден 12:00 аралығында қабылдау жүргізеді. Ортопед маманы аптаның 5 күнінде де сағат 10.00 ден 16.00 аралығында қабылдау жүргізеді.Жазыл у үшін өзінің емханаңыз арқылы тіркелісі!

Гаухар 24.04.2018 13:04
Меңі сұрағымға неге жауап жоқ?20.04.2018 күні жазылған.

Әкімшілік 24.04.2018 14:20
Сәлеметсіз бе, Гаухар ханым! Сіздің сұрағыңызды кешіктіргеніміз үшін кешірім сұраймыз, себебі, Сіз сұраныс жасаған маманының біреу болуына байланысты (іс-сапар)алдағы қабылдау кестесі шығарылмай отыр. 1-2 күннен соң мына телефондарға хабарласып біліп, жазылыңыз. 76-36-31 және 76-3632

Амангул Нурмағанбетов 26.04.2018 20:42
Добрый день! Ребенок инвалид с детства есть направление на уши сердца и кардиологу по показаниям педиатра сильный шум в сердце-Запись полная до середины мая. По закону РК Статья 14. Права инвалидов: 8) первоочередное обслуживание в государственных и иных организациях, в том числе в организациях здравоохранения , культуры, связи, транспорта, сфере услуг;
Ваши требования об предварительной записи на прием противоречат закону не так ли ?!

Гаухар 28.04.2018 10:48
Сәлеметсіздер ме?Аллергологқа ақша төлеп қарала аламын ба?тіркелген жоқпын.

← → C Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ [X] [E] [I]

Райхан 08.06.2018 06:46
Сәлеметсіз ба?Хирург Хван жұмыс жасай ма қазір?Бүгін түстен кейін баланы қаратайын деп едім.Ақылы болса да.Мүмкіндік бар ма?

Әкімшілік 08.06.2018 08:43
Цитирую Райхан:
Сәлеметсіз ба?Хирург Хван жұмыс жасай ма қазір?Бүгін түстен кейін баланы қаратайын деп едім.Ақылы болса да.Мүмкіндік бар ма?

Сәлеметсіз ба!С.Т.Хван консультация жүргізбейді.Кон сультаитивті диагностикалық бөлімде дәрігер-ортопед З.А.Артықова қабылдау жүргізеді.Сол маманға жазылуыңызға болады.

Замира 20.06.2018 17:55
Кеңесіздер? Мен ортопедке кире аламынба 22.06.2018 платный қаралғым келеді бос орын жоқ Атырау қаласынан мес едім

Посетитель 27.07.2018 15:01
Сәлеметсіздер ма, урологқа шұғыл түрде қаралуымыз керек еді кішкентай баламен, запись толық дейді алдымыздағы аптаға. Урологтың өзі түсіндірше 6 тамызда еңбек демалысына кетеді дейді. Оның өзі айдан ұзақ уақыт. Сонда ауырып отырған баламен сандалып қайда барамыз. Орынына ауыстыратын маманы да жоқ, сол зар болған урологтың бір он минут уақыты кетер бізге әрі кетсе, келмей қалған адамның орынына кірсекте, кешке дейін күтсекте. Бір шешімін тапсаңыздар жақсы болар еді

марина 17.08.2018 19:02
уролог қашан қабылдайды екен

Айгерим 20.08.2018 15:08
22лил23 августтің невропотолог , ортопед хирургк е бос уақыт барма



← → C Не защищено aodb.kz/ru/vopros-otvet/ ☆ [X] [E] [I]






марина 17.08.2018 19:02
уролог қашан қабылдайды екен

Айгерим 20.08.2018 15:08
22лил23 августтің невропотолог , ортопед хирургк е бос уақыт барма

Жанар 01.10.2018 22:24
Здравствуйте. Аллергопанель #3 казахстанская список можете подсказать.

Всего комментариев: 0

 АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛОРДАСЫ! 

parlam.kz

Не защищено aodb.kz/ru/bajlanystar-2/

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

Контакты

КГП на ПХВ «Атырауская областная детская больница» ул Курмангазы 9А

Контактные телефоны

95-04-25 – Администрация больницы;
 95-04-21 – Реанимация;
 95-04-23, 76-36-44 – Приемный покой;
 95-04-30 – Регистратура, CALL-центр;
 8-702-857-88-07 – Служба поддержки пациентов и внутреннего аудита;
 76-36-31, 76-36-32 – КДО;

| ФИО | должность | Телефон | |
|--------------------------------|---|----------|-------------|
| | | рабочий | мобильный |
| Абдыкали Абдыбек Жубанышұлы | директор | 76-36-46 | 87018777174 |
| Сиплова Орындық Жубанова | Заместитель директора по качеству мед услуг | 76-36-49 | 87013653494 |
| Сабиров Дулат Рамазанович | Заместитель директора по лечебной работе | 76-36-41 | 87014139288 |
| Мергазиева Гульмира Турхановна | Зав отд хирургии | 76-36-34 | 87017804603 |
| Жусупов Багланбек Пшанович | Зав отд реан | 76-36-30 | 87477101005 |
| Мирамова Гульнар Сапарбековна | Зав отд неврологии | 76-36-33 | 87773040303 |
| Ильясова Гульжан Сатылгановна | Зав отд педиатрии | 76-36-37 | 87026030327 |
| Хван Сергей Тимофеевич | Зав отд травма | 76-36-38 | 87015394331 |

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

Управление здравоохранения Атырауской области
 КАЧЕСТВЕННОЕ МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ - КАЧЕСТВЕННАЯ ЖИЗНЬ - КАЗАХСТАНДЕВ
 8 778 007 20 21
 www.atyrau-demauy.kz

КОНТАКТНЫЕ НОМЕРА:
 95-04-25 - Администрация Больницы

Не защищено aodb.kz/ru/zh-mys-kestesi/

Қаз Рус Елг Социальные сети: Facebook, Instagram Версия для слабовидящих Найти

КГП НА ПХВ «АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ДЕТСКАЯ БОЛЬНИЦА»
 УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
 08.09.2019 15:27

Главная Мандат Об организации Новости Пациентам Оказание услуг Государственные закупки

График работы

КДО ЖЕМҚОРЛЫҚҚА / ГРАФИК РАБОТЫ КДО 1-81 қантарсәуірі 2019ж.

| Муниципалитет | Аты-жаны | Сынып | Ж/Б | Дп | Ср | Сб | Ср | Бс | Жн |
|------------------|------------------|-------|-----|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Семей ауданы | Давытова Н.С. | Ж/Б | 1 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 |
| | Давытова Н.С. | Ж/Б | 1 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| | Давытова Н.С. | Ж/Б | 14 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| Тараз қаласы | Нысанбаева Г.С. | Ж/Б | 14 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| | Турганбаева А.С. | Ж/Б | 5 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| | Турганбаева А.С. | Ж/Б | 5 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| Қарағанды облысы | Жаппарбаева Н.С. | Ж/Б | 1 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 |
| | Жаппарбаева Н.С. | Ж/Б | 1 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| | Жаппарбаева Н.С. | Ж/Б | 14 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| Павлодар облысы | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 13 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 13 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 14 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| Павлодар облысы | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 14 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 14 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 | 10:00-13:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 15 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 |
| Ж/Б | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 15 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 15 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 | 08:00-13:00 |
| | Сарыбаева А.С. | Ж/Б | 15 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 | 14:00-18:00 |

Государственные символы

Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана

Управление здравоохранения

Салтанат Рахимова, заңгер

Атырау қалалық мәслихатының депутаты

Атырау облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа

қарсы күрес бойынша арнайы мониторингтік топтың мүшесі

ZERTTEU
Research Institute

